Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлімі:	**«Мәтін, графика және презентация (ортақ тақырыбы: «Демалыс мәдениеті. Мерекелер»)**
Педагогтің аты-жөні:	**Купбаева Д К**
Күні:	**24.04.2025**-29.04.2025
Сыныбы: 3 «А В К»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Фотосуреттер**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	3.2.2.1 фотосуреттерді өңдейтін (жарық, контраст, жиектеме) программалар қолдану;
Сабақтың мақсаты:	● Мерекелік көңіл күйді, қуанышты сәттерді фотоға түсіру үшін қандай цифрлық құрылғы қолданатыны туралы әңгімелейді. ● Фотосуретті компьютерде өңдейтін программаларды біледі. ● Фотосуреттерді өңдейтін программаны пайдалануды үйренеді.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтің ісәрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1-7 мин.	***Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу*** **І. Қызығушылықты ояту** **«Бұлт үстіндегі саяхат» ойыны** Нұсқау: көздеріңді жауып, ыңғайлы отырыңдар. Екі-үш рет терең дем алыңдар. Мен сендерді бұлт үстімен саяхатқа шақырмақшымын. Томпақ жастықтардан құралған жұмсақ тауға ұқсаған аппақ мамық бұлт үстіне секіріңдер. Аяқтарың, арқаларың, барлық денең осы үлкен бұлт жастыққа ыңғайлы орналасқанын сезініңдер. Саяхат басталады. Бұлт ақырындап көк аспанға көтеріледі. Самал жел беттеріңнен сипайды. Мұнда, биік аспанда мүлгіген тыныштық орнаған. Бұлт сендерді өздеріңді бақытты сезінетін жерге жеткізеді. Бұл жерде сендер өздеріңді байсалды сезінесіңдер. Осы жерде ғажайып және таңғаларлық оқиға орын алуы мүмкін ... (30 секунд). Енді сендер тағы да бұлт үстіндесіңдер. Ол сендерді қайтадан сынып ішіне әкеле жатыр. Бұлттан түсіп, оған рақмет айтыңдар ... Бұлт ақырындап ауада ери бастайды. Қолдарыңды созып, көздеріңді ашыңдар, сендер сергек, ширақ, зейіндісіңдер.			
Топтастыру:	***Топтастыру: «Атомдар мен молекулалар» әдісі.*** Молекулалар атомдардың жиынтығы екендігі баршаға мәлім. Оқушылар сыныптың бос жеріне жиналады. Ойынды жүргізуші «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрлі-берлі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті. Ал жүргізуші «Молекулалар!» деп айтып, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты) оқушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек. Қалыс қалған оқушылар (топ құрамын аталған саннан кем құрғандар) айып ретінде бір тапсырма орындайды: өлең оқиды, ән айтады т.с.с. Ойынның нәтижесінде құралған топтар сол құрамда парталарға да отыруына болады. Олар сабақты осы құрамда жалғастырады. ***Сынып екі топқа бірігеді*** ***1 топ: «Атомдар». ІІ топ: «Молекулалар».*** ***Мақсаты:*** Белсенді оқу, оқушының мұғалімді мұқият тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту мен оқу әдістерінің бірі болғандықтан оқу мақсаттарына қол жеткізуде оқушылардың қажеттіліктерін, қабілет деңгейлері мен қызығушылығын ескере отырып топтастыру жоспарланды. ***Тиімділігі***: Топтық жұмыста – бір-бірімен ой бөлісіп, пікірлесуге, өз ойын ортаға салуға; жұптық жұмыста – ақылдасып, келісімге келуге, өзгенің пікірін тыңдап, құрметтеуге; жеке жұмыста – өзіндік пікір қалыптастырып, сын тұрғысынан ойлануына мүмкіндік болады. ***Саралау:*** Оқытудың қажеттілігіне қарай топ құруда саралаудың ***«Жіктеу»*** тәсілі			

	қолданылады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. *«Миға шабуыл» әдісі.*	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	✔ Қандай мерекені ерекше ұнатасың? (1-сурет) ✔ Мерекелік көңіл күй мен қуанышты сәттерді фотоға түсіру үшін қандай цифрлық құрылғыны пайдаланасың? ✔ Фотосуретті компьютерде өңдейтін қандай программаны білесің?	**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен сұрақтарға жауап беру деңгейіне қарай *«Стикерлер» әдісі* арқылы бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!, Жасыл түс – Жақсы!, Сары түс – Талпын!.*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа дайындық.	**Мақсаты:** Алдыңғы білім мен жаңа білімді ұштастыру мақсатында жетелеуші және түрткі сұрақтарды талқылау. **Тиімділігі:** Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады.			
	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			

Сабақтың ортасы (26 мин)	**II. Мағынаны ашу (білімді өзектендіру үшін)** ***Оқулықпен жұмыс істеу. «INSERT» әдісі*** Берілген мәтінді «Түртіп алу» әдісін пайдаланып, танысып шығу. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйретететін ұтымды әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет. Сондықтан да зейіні тұрақсыз оқушылар арасында оқуға жеңілжелпі қарау салдарынан түсіне алмау, өз пікірін өмірдегі жайттармен ұштастыра алмау кемшіліктері жиі кездеседі. Бұл орайда үйретуші мұғалім баланы дағдыландыруға күш салады. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.	**Дескриптор** қулықтағы мәтінді оқиды. INSERT» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс істейді. Оқулықта берілген практикалық жұмысты орындайды.	***Қалыптастыруш ы бағалау*** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай *«Стикерлер» әдісі* арқылы бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!, Жасыл түс – Жақсы!, Сары түс – Талпын!*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

	Жұптық жұмыс: «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс).	**1-тапсырма** Фотосуретті қалай бағалайсыңдар? Суреттің сапасын анықтауда өз өлшемдеріңді ұсыныңдар. Төменде берілген үш фотосурет бойынша: 1) Ең сапалы суретті анықтаңдар. 2) Суреттің сапасының төмендеуіне не әсер еткен? Себебі неде? 3) Ойларыңды тұжырымдап, басқа топтағылармен ой бөлісіңдер. 4) Суреттерде не бейнеленген? Шағын сипаттама жазыңдар. ***Дескриптор*** ✔ Суреттің сапасын анықтауда өз	***Қалыптастырушы бағалау*** Топтағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай бір-бірін *«Стикерлер» әдісі* арқылы бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!, Жасыл түс – Жақсы!, Сары түс – Талпын!*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
		өлшемдерін ұсынады. ✔ Берілген үш фотосуреттің арасынан ең сапалы суретті анықтайды. ✔ Суреттің сапасының төмендеуіне не әсер еткенін анықтап, себебін түсіндіреді. ✔ Ойларын тұжырымдап, басқа топтағылармен ой таластырады. ✔ Суреттерде не бейнеленгендігі жайында сипаттама жазады.		

	Топтық жұмыс **«Ой толғаныс» әдісі** Бұл кезеңде күнделікті оқыту үдерісінде оқушы өзіндік толғаныс, дағдымашықтарын ұйымдастыру, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарап, баға беруге үйренеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды салмақтап, салыстырып, түйіндеп өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бірбірімен әсерлі түрде ой таластыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалармен пікір алмастырады, үйренеді. Бұл үйрену сатысы - ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын қорытынды кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой салыстыру болашақта қолданылатын мақсатты әрекеттерге жетелейді.	**2-тапсырма** «Фотосуреттің сапасы тек оны түсіруге байланысты ма?» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар. Фотосурет сапасын арттыру үшін түсірудің ережелерін құрастырып, ұсыныңдар. ***Дескриптор*** ✔ Берілген тақырып бойынша пікірталас ұйымдастырады. ✔ Фотосурет сапасын арттыру үшін, түсірудің ережелерін құрастырып, ұсынады.	***Қалыптастырушы бағалау*** Жұптасқан оқушылар бірбірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай бір-бірін *«Стикерлер» әдісі* арқылы бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!,* *Жасыл түс – Жақсы!,* *Сары түс – Талпын!*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	Жеке жұмыс **3-тапсырма** Телефон, планшет немесе фотоаппаратпен түсірілген суреттердің сапасы жағынан қандай айырмашылығы болуы мүмкін? Не себепті? Ойларыңды ортаға салыңдар.	***Дескриптор*** ✔ Телефон, планшет немесе фотоаппаратпен түсірілген суреттердің сапасы жағынан айырмашылығын анықтайды. ✔ Себебін анықтап, ойын ортаға салады.	***Қалыптастырушы бағалау*** Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай *«Стикерлер» әдісі* арқылы өзінөзі бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!,* *Жасыл түс – Жақсы!,* *Сары түс – Талпын!*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

	Жеке жұмыс **«Венн диаграммасы» әдісі** Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.	**4-тапсырма** 1 «Фотосуретті өңдеу» дегеніміз не? 2. Фотосуреттің сапасының жоғары болуы неге байланысты? 3. **PowerPoint** программасымен **Домашняя Фотостудия** программаларын Венн диаграммасы бойынша салыстыр. ***Дескриптор*** ✔ Бір сұраққа жауап береді. ✔ Екі сұраққа жауап береді. ✔ Үш сұраққа толық жауап береді.	***Қалыптастырушы бағалау*** Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай *«Стикерлер» әдісі* арқылы өзінөзі бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!,* *Жасыл түс – Жақсы!,* *Сары түс – Талпын!*	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
Сабақтың соңы 7 мин. **Сабақты бекіту. Рефлексия.**	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **Жеке жұмыс: «Жетістік баспалдағы» әдісі** «Жетістік баспалдағы» әдісі оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандығын, өткен материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғандығын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында), балалар өздері орындаған жұмысты магниттермен немесе стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Неге ондай баға қойғандарын түсіндіреді.		**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай *«Стикерлер» әдісі* арқылы бағалайды. *Қызыл түс – Жарайсың!,* *Жасыл түс – Жақсы!,* *Сары түс – Талпын!* **Мақсаты:** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.	